Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 177-178

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аяпбергенов С.

Осы күнге дейін оқыту әдістері туралы бірқатар анықтамалар тұжырымдалған.

Ж.Б.Қоянбаевтің «Педагогика» оқулығында: «Әдіс – білім беру, тәрбиелеу және дамыту барысында белгіленген мақсатқа жетуді қамтамасыз етуге, ғылымда зерттеуді жүзеге асыруға көмектесетін тәсіл, алға қойған міндеттерді шешу үшін ұйымдастырылған адамдардың, ұжымдардың іс-әрекетінің бір жолы» – деп қарастырады.

Қысқаша психологиялық–педагогикалық сөздікте: «Әдіс – мақсатқа қол жеткізетін жол, тәсіл, белгілі жолмен тәртіпке салынған іс–әрекет» – деген анықтама беріледі.

Бұл анықтамалардың бәріне ортақ: «белгілі бір мақсатты көздеген мұғалім мен студенттер арасындағы өзара қарым–қатынас және іс–әрекет» –деген пікір әдіс ұғымының басты ерекшелігін көрсетеді.

Берілген анықтамаларға сүйене отырып, оқыту әдістері – оқытудың мақсат–міндеттеріне сай, оның мазмұнын студенттерге меңгертуде мұғалім мен студенттердің қолданатын амал–тәсілдері мен құралдарының жиынтығы деп жалпы тұжырым жасауға болады. Оқытушы оқыту әдістерінің көмегімен студенттерге білім беріп, олардың тәжірибелік іс–әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс–әрекетін студенттердің таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

Демек, оқыту әдісі – студенттерге білім беру және оларды дамыту мақсатында мұғалім мен студенттердің бірлесіп жасайтын қызметі мен қарым–қатынасының тәсіл–амалдары ретінде қарастырылады.

Оқыту әдістері – оқытушы мен студенттердің жұмыс істеу әдісі ретінде білім, іскерлік, дағдыны қалыптастырып, студенттердің дүние танымдылығы мен қабілеттілігін арттыруға көмектеседі.

Оқыту әдістері – мұғалім мен студенттердің бірлесе жасайтын іс–әрекеті немесе мұғалім мен студенттердің өзара іс–әрекетінің барысында білім алу жолдары деп тануға болады.

Оқыту әдістері мұғалім мен студенттердің өзара әрекетінің негізінде білім, тәрбие және таным процесін жетілдіруге де өз үлесін қоса алады.

Оқыту әдістері оқу-тәрбие мақсаттарына жетуге бағытталған мұғалім мен студенттердің өзара байланысты іс-әрекеттерінің тәсілдері жиынтығы ретінде де қызмет атқара алады.

Баспа көздерімен оқу жұмысын атқарудың бірнеше жолы бар. Оларға тоқталып кетсек:

- конспектілеу оқылған ақпараттың қысқаша жазбасы болып табылады. Оның түрлері: түгелдей көшіру; іріктеумен таңдап жазу; толық немесе қысқа конспкет жазу;

- тезис негізгі идеялар белгілі бірізділікпен қысқаша баяндауды білдіреді;

- реферат тақырып бойынша бірнеше ақпарат көздеріне шолу беріп, олардың мазмұны мен формасына өз бағасын беру деп түсінуге болады;

- мәтіннің жоспарын жасауда мәтінді бөлімдерге бөліп, әрқайсысына қысқаша сипаттама беріледі. Жоспар жай немесе күрделі болуы мүмкін;

- сілтемелер беру мәтінінен өзгертілместен бөліп алынған көшірме. Сілтемеге байланысты қойылатын талаптар: әдептілік болуы, мағынаның өзгеріске түспеуі, сілтеме

алынған еңбектің авторы, сипатамасын, баспа орыны мен атын, жарияланған жылын, бетін дәл келтіру.

- пікір беру оқылған жөнінде өз ойын білдіруге арналған қысқаша ауызша немесе жазбаша баян деп түсінуге болады..

Көрнекілік әдістер оқу материалын студенттердің көздерімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді.

Бұған демонстрация, иллюстрация жөне бақылау тәсілдері жатады.

Оқыту әдістерін жетілдіру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Оқыту әдістерінің тиімділігін арттырып, оқытудың жаңа формалары мен тәсілдерін меңгеру қажеттігіне педагогикалық зерттеулерде айрықша маңыз беріледі.

Алайда, оқыту әдісін қайта құру — күрделі процестің бірі. Кейбір әдістерді қолдануда біржақты асыра сілтеушілікке жол бермеу керек. Тіпті әр тақырыптың өзі де оқытудың ерекше тәсілдері мен жолдарын талап етеді. Сондықтан, оқытуда әртүрлі әдістерді қолдану қажет.

Сабақтың тақырыбы мен мақсатына, оқу материалының мазмұны мен көлеміне, дайындық дәрежесіне сәйкес, сабақтың құрылысы мен оку әдісін ұдайы толықтырып отыруды мұғалім өзі белгілеп, өзі таңдап алады.

Жоғарыда айтылған оқыту әдістері бүгінгі күні де даму үстінде. Қазір оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында оқытудың заманауи әдістеріне ерекше мән беріледі.

Заманауи оқыту әдістері дегеніміз студенттің дербес қабілеті, белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өз бетімен пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған студент мен оқытушының өзара бірлескен іс-әрекеті.

Солардың бірі оқытудың белсенді әдістері жоғары оқу орыны оқытушыларының негізгі күш-жігері тәжірибелік жолмен жүзеге асатын танымдық іс-әрекетті белсендіру әдіс-тәсілдерін іздестіруге бағытталған.

Жоғарыда айтылған оқыту әдістері бүгінгі күні де даму үстінде. Қазір оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында оқытудың заманауи әдістеріне ерекше мән беріледі.

Заманауи оқыту әдістері дегеніміз студенттің дербес қабілеті, белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өз бетімен пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған студент мен оқытушының өзара бірлескен іс-әрекеті.

Солардың бірі оқытудың белсенді әдістері жоғары оқу орыны оқытушыларының негізгі күш-жігері тәжірибелік жолмен жүзеге асатын танымдық іс-әрекетті белсендіру әдіс-тәсілдерін іздестіруге бағытталған.

Оқыту үрдісінде оқытушы белсенділігінің орнына оқушы белсенділігі артуы тиіс, ал оқытушының масаты – студенттердің қабілеттерінің шыңдалуына жағдай жасау. Егер студент ортасында, біріншіден, іс– әрекет үстінде болатын болса, екіншіден, танымды үрдіске қатысушының бірі болған жағдайда оқыту интерактивті болып саналады.

А.К.Жанабілова интерактивті әдістердің тиімділігін төменгідей тұжырымдайды:

-ойындар студенттерді инновациялық іс–әрекетке жетелейді, өзін–өзі тануына түрткі жасайды;

- жеке тұлғалық қасиеттерін дамытады;
- өзін–өзі басқара білу, өз бетімен алдағы мақсатқа жетуіне көмектеседі;
- алғырлық, тапқырлық, шапшандық қасиеттерін дамытады;
- білімін тереңдетеді, толықтырады;
- сөздік қоры жетіледі, әсіресе ауызекі тілдерін жетілдіреді;

Қазіргі кезде қарым-қатынас үрдісіне негізделген оқыту – интерактивті оқытуға үлкен көңіл бөлінуде. Оқыту үрдісі тиімді болу үшін қарым-қатынастың үш жағы да қатысуы керек: 1) ақпараттық (ақпараттың берілуі және сақталуы); 2) интерактивті (біріккен іс-әрекетте өзара әсердің ұйымдастырылуы); 3) перцептивті (адамның басқа адамды қабылдауы және түсінуі).